

L2005


6485₄

**СИТАКСИСТІК
ЗЕРТТЕУЛЕР**

М.С.Серғалиев

СИНТАКСИСТІК ЗЕРТТЕУЛЕР

Монография. Мақалалар.



Алматы
Сөздік-Словарь
2004

- С 37 Серғалиев Мырзатай
Синтаксистік зерттеулер. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004.
– 392 бет.

ISBN 9965-409-61-7

Автордың көптеген жылдар бойы жан-жақты қарастырып келе жатқан қазіргі қазақ әдеби тіліндегі синтаксистік синонимия мәселелері кітаптың салмақты бөлігін құрайды. Мұнда сөз тіркестері аясындағы, жай және құрмалас сөйлемдер ауқымындағы синонимдік құбылыстар сөз болады. Ондай синонимдердің басқа түрлеріне ұқсастықтары және олардан айырмашылықтары дәлелденеді. Синтаксистік синоним түрлерінің әрқайсысының жасалу жолдары мен қолданылу мүмкіндіктеріне назар аударылады.

Кітаптың екінші бөлімінде ғалымның әр жылдары ғылыми баспасөз беттерінде жарық көрген ізденістері топталып отыр.

Көрнекті тіл мамандары А.Байтұрсынов, С.Жиенбаев, Қ.Жұбановтың синтаксис мәселелерін талдауды мақсат еткен мақалалары осы бөлімде.

Колыңыздағы еңбек лингвист-түркологтерге, қазақ тілі мамандарына, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне арналған.

С $\frac{4602020400}{00(05)-04}$

ББК 81.2 Қаз-2

ISBN 9965-409-61-7

© Серғалиев Мырзатай., 2004
© Сөздік-Словарь, 2004

Сөз басы

Қазіргі қазақ тілі синтаксисінің әр қырынан салаланып, сараланып зерттеліп жүргені тіл сүйер қауым мен оқырман жұртшылыққа жақсы белгілі.

Тағдыр осы жолдардың авторына синтаксистік құрылымдардың синонимдігін басты зерттеу нысаны етіп алу міндетін жүктепті. Өткен ғасырдың 60-жылдарынан бергі ізденістердің нәтижесінде 40-тан астам ғылыми мақала, “Синтаксистік синонимдер. Есімді сөз тіркестері” (1980), “Синтаксистік конструкциялардың синонимдігі” (1987) деген екі әдістемелік құрал мен “Етістікті сөз тіркестерінің синонимиясы” (1991), “Синтаксистік синонимдер” (1981) деп аталатын екі монография жарық көрді; кандидаттық (1967), докторлық (1988) диссертациялар қорғалды. Кітаптардың біріншісінің басылымына – 13, екіншісінің басылымына 23 жылдан астам уақыт өткендігі ескеріліп әрі жоғары оқу орнында сабақ жүргізу кезіндегі қажеттілігі назарға алынып, екі монографияның басын қосып қайта шығаруға тура келді. Сөйтіп, синтаксистік синонимияға қатысты ұсыныстар мен тұжырымдар қолыңыздағы кітаптың салмақты жағын құрап отыр.

Кітаптың екінші бөлігі әр түрлі басылымдарда жарияланған мақалалар мен баяндамалардың мәтіндерінен тұрады. Ол еңбектердің бәріне ортақ жай – қазақ синтаксисінің елсулі мәселелері екені аттарынан көрініп тұрғаны анық.

Көрнекті мамандардың синтаксистік көзқарастарының топтамасына А.Байтұрсыновтың, С.Жиенбаевтың және Қ.Жұбановтың еңбектері енгізіліп, өзге ғалымдардың еңбектерінің кірістірілмегенін ескерте кету артықшылық ете қоймас. Шынында да, С.Аманжолов, М.Балақаев, Н.Сауранбаев, Т.Қорлабаев сияқты қазақ тіл білімінің балаң кезінде ғылымға белсене араласқан алғашқы толқынмен қатар, олардың ізбасарлары іспетті Ж.Болатов, Қ.Есенов, Қ.Шаукенов, Т.Сайрамбаев, Б.Шалабай, Ж.Садуақасов, О.Бүркіт, Ж.Жақыпов тәрізді зерттеушілердің еңбектерін

бағаламау әділеттікпен еш сыйыспас еді. Тіпті кейінгі екі буынның кейбір өкілдері туралы жеке кітап жазуға әбден болады.

Біздің мақсатымыз — біріншіден, халқымыздың дәстүріндегі жол ашарлықты, қадірлі ақсақалдықты сыйлау ұстанымын басшылыққа алып; екіншіден және бастысы — аталған үш классиктің синтаксистік зерттеулерін көпшіліктің біле бермейтіндігін ақылға сала отырып, ол зерттеулерге талдау жасап таныстыру, сойтіп, мүмкіндігімізше халық құрметіне бөленген ғұламалардың сөз болып отырған саладағы өзіндік ерекшеліктерін тіл мәселелерімен айналысушылардың естерінде қалдыруға тырысу.

М.С.Серғалиев,
ҚР ҰҒА академигі.

2004 жылдың 5 сәуірі.

Синтаксистік синонимдер

КІРІСПЕ

Қазіргі кезде өмірдің өзі жазу мен ауызекі сөйлеу тілінің мәдениеті сияқты күрделі проблеманы күн тәртібіне қойып отыр. Ауызекі сөйлеу тілі синтаксисі мен жазу мәдениетін жетілдіру бағытында белгілі дәрежеде жұмыс жүргізіліп жатқаны да мәлім. Дәл осы бағытта профессор М.Балақаевтың еңбегін ерекше атауға болады. Ғалым бірнеше жыл бойы Қазақ университетінің студенттеріне қазақ тілінің мәдениеті туралы арнайы курс оқыды, соның нәтижесінде жазған кітабы екі рет басылып шықты (22, 23). Кейін ол оқулыққа айналды¹. Оның бастамасымен 1968 жылы республикалық теориялық-практикалық конференция өткізілді. Конференцияның қарсаңында тезистер (112) жарияланды да, баспасөз бетінде көптеген тілші-ғалымдар мен журналистер әр алуан пікірлерін ортаға салды. Кейін конференцияның материалдары да жеке кітап болып шықты (113). Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының проф. М.Балақаев ұзақ жыл меңгерген тіл мәдениеті бөлімі ғалымдарының белсене қатысуымен дүркін-дүркін жинақтар (84, 111) шығып тұрды. Филология ғылымының докторлары Р.Әміровтің (11; 12; 13), С.Исаевтың (50) кітаптары мен мақалалары да осы мәселеге арналған.

Бірақ бұл проблемаға тікелей қатысы бар грамматикалық синонимдер жайлы жүйелі де жаң-жақты сыр емес. Мұның объективті себебі барын да ескермесе болмайды; оны ғылымның объектісі ретінде қазақ тілінің даму барысымен түсіндірген жөн. Шынында, нормативті грамматика жасалмай тұрып, синонимге қатысты грамматиканың салалары өзара ажыратылмай тұрғанда, грамматиканың одан басқа да негізгі мәселелері шешім таба алмаған жағдайда, морфология мен синтаксистің бір-бірімен арақатынастары белгісіз, ғылыми тұрғыдан күңгірттеу кезінде, бірден синтаксистік синонимдер мәселелерін сөз ету, мықтағанда тәуекелдің ісі ғана. Грамматикалық қана емес, лексикалық синонимдер туралы, демек, синоним теориясына байланысты табан тірер тұжырымның болмай келгені де белгілі.

¹ Сілтеме кітап соңындағы “Библиография” еңбектердің сан реті бойынша берілді. - Автор.

Тәжірибенің толық көрсетіп отырғанындай, теориялық мәселелердің қай-қайсы болса да өзімен белгілі дәрежеде байланысы бар басқа мәселелермен салыстыра қарағанда, солармен айырмашылық-ұқсастықтарын әр қырынан сөз еткенде ғана, нәтижелі болмақ. Ендеше, синтаксистік синонимдер жайындағы зерттеулердің бүгінгі таңда туындауына негіз баршылық: морфология мен синтаксис саласында біршама жетістіктерге қол жетті; стилистика бойынша да монографиялар, проблемалық мақалалар, тұрақты оқулық шықты.

Көптеген стилист-ғалымдар синтаксистік синонимдерді зерттеу ісіне ерекше мән береді. Мәселен, академик В.В.Виноградов профессор А.Гвоздектің “Очерки по стилистике русского языка” деп аталатын кітабының жағымды жақтарының бірі ретінде автордың синтаксистік синонимдерге бірнеше бет бергенін және оларды ғылыми жағынан сәтті сипаттағанын атап өтеді. Сонымен бірге, рецензент олардың (синтаксистік синонимдердің) стилистика үшін айрықша маңызды екеніне назар аударады (33, 143). “Оның “Очерктерінде” орыс грамматикалық және лексикалық синонимиясы саласы бойынша бай да сәтті терілген материал, өзіндік және нәзік біршама байқаулар бар екенін көруге болады” – деп жазады С.Бархударвы (38, 4).

Профессор В.П.Сухотин сөз болып отырған мәселелерге арналған монографиялық еңбегінде синтаксистік синонимдерді лексика-фразеологиялық синонимдермен салыстырып, алдыңғылардың теориялық әрі практикалық маңызы соңғылардан ешбір кем емес екенін, қайта, олардың көркем шығарманың тілі мен стилін қарастыру кезінде, көпшілік алдында сойлегенде болсын, жалпы тіл мәдениеті үшін күресте болсын – тек пайдасы ғана болатынын айтады. В.П.Сухотиннің жазғанындай, қалың қауым жақсы түсіндірме сөздіктер мен синоним сөздіктеріне мұқтаж болып отыр. Алайда ондай сөздіктерді құрастырып шығару – істің жартысы ғана. Ал грамматикалық синонимдерге арнап жазылған еңбектердің құны бұлардан әсте де кем түспес еді, өйткені лексикамен әрі морфологиямен байланыста қарастырылған синтаксистік параллелизмдер мен сәйкестіктер стилистикалық мәселелерді шешуде аса құнды материалдар береді (124, 7). Бұл бағытта қазіргі орыс тіл білімінде көпшілікке арналған анықтамалық мәні бар еңбектердің (46) шыға бастағанын айтуға тура келеді.

Грамматикалық синонимдерді зерттеушілердің бірі Б.Хрычковтың көрсетуінше, бұл проблеманың актуалдылығы соншалық – оның кейбір мәселелерінің шешім табуының өзі ғана тілдің грамматикалық құрылымы туралы ұғымымызды тереңдете түседі, оның өзіне тән ерекшелігін ашуға жәрдемін тигізеді (120, 55).

Синтаксистік синонимия реалдық шындықтың сан алуан факторларының әр түрлі нәзік реңктерін синтаксистік құралдар арқылы дәл берудегі тілдің мол мүмкіндігін танытады, реалдық

қатынастардың анық берілуін қамтамасыз етеді, бір конструкцияларда келіп, соның нәтижесінде сөйлеу (жазу) тіліміздің сұлулығына, мүсіндене түсуіне әсерін тигізеді (77, 1).

“Тіл – тілдегі мақал-мәтелдер, жұмбақ, идиомалар ойды бейнелеп айтудан, астарлап, кестелеп айтудан туады. Сол сықылды, тілдегі синонимді сөздер, *синонимдік тізбектер* (курсив біздікі – М.С.) негізінде бір ойды әлденеше құбылтып айтудан құралады деуге болады” (62, 217).

“Тілдің өсіп, көркеюі үшін, бай әдеби тіл боп жетілуі үшін синонимика категориясының айрықша маңызы бәрімізге мәлім, – деп жазады көрнекті ғалым І.Кеңесбаев. Синонимді сөздер мен тізбектер белгілі бір ұғымды түрлі жолмен білдіріп, ойды бедерлеп, арнаулы бір затты не арнаулы құбылысты әр тұстан сипаттайды” (62, 609).

Әдіскер-ғалымдардың пікіріне қарағанда, синтаксистік синонимдер мектеп шәкірттерінің тілдің мол бейнелегіштік құралдарын меңгеруіне көп көмек етеді (88, 3-11).

Белгілі кеңес жазушысы Г. Березко қаламгер шеберлігі туралы кітапшасындағы мазмұндары бір қарапайым ғана екі сөйлем келтіреді: *Подойдя к книжной полке, Иван Иванович снял томик Толстого, и, полистав книжку, открыв начало “Хаджи Мурата”, углубился в чтение; Иван Иванович подошел к книжной полке, снял томик Толстого, полистал, открыл “Хаджи Мурата”, стал читать* (30, 114).

Жазушының шығармашылық лабораториясы жайлы өз ойын ортаға салып, сыр шертіп отырған автор, бір қарағанда, еш айырмашылығы жоқтай көрінетін осы екі сөйлемде сәл де болса өзгешелік бар екенін аңғартады. Өзі де сөз қадірін жақсы білетін, сондықтан басқаларға айтары бар жазушы ондай айырмашылық мынада деп көрсетеді: бірінші жағдайда кездейсоқ болса да кітап сөресіне келіп қалған адам сүйікті шығарманы тағы оқыған артық емес деп ойлайды; ал екінші сөйлемнің мазмұнынан “Қажы Мұратты” оқып, одан әлдебір жақсылық табу сол адамның алдына қойған мақсаты тәрізді сезіледі. Сөз зергерлерінің стиль сырынан алынған сан алуан мысалдардың бірі ғана болғанымен, дәл осы арада синтаксистік синонимиканың көркем шығармада атқаратын қызметін байқау қиын емес. “Айтушының сөйлеу мәдениеті неғұрлым жоғары болған сайын, синонимдік қатардағы тілдік құралдарды ол соғұрлым кең өрі белсенді пайдаланады”, – дейді Г. А. Золотова (52, 215).

Сонымен, синтаксистік синонимдердің практикалық мәні күнбе-күнгі сөйлеу тіліміздің мәдени талабын өтеуден, ойға оралимды сөздердің қисынын тауып қиыстыра, құлпырта байланыстыра білуден, айтар пікіріміздің көрікті болып шығуын қадағалаудан, сондай-ақ жазба тілдегі үлкен талғамға сай, стильдік жағынан мақсатқа лайық сөз қолданысымыздан көрінеді. Ал теориялық

мәнін қазақ тілінің осы күнге дейін толық қолға алынбай келе жатқан саласы бойынша пікір қозғау деп білеміз.

Жиналған материалдар профессор А.Гвоздевтін: “... орыс тілі синтаксистік синонимдерге, яғни мағыналық жағынан нәзік ерекшеліктері бар, сондықтан бірінің орнына екіншісі қолдануға болатын сөз оралымдарына өте бай” (38, 259) деген тұжырымдамасының қазақ тілі үшін де дұрыс екенін дәлелдейді.

Зерттеушілердің барлығы да синтаксистік синонимдерді стилистикамен байланыстырады. Шындығында да, синонимдердің сөз болып отырған түрін жалаң синтаксистік тұрғыдан ұғыну дұрыс болмас еді. Басқаша айтқанда, оларды синтаксистік категориялардың стилистикалық қызметі жағынан, ауызекі сөйлеу тілінде болсын, жазу жұмыстарында болсын – сөз қолданысымыздың байлығы тұрғысынан зерттеген мақұл. Бұл ретте профессор А.Ефимовтың “Әр синонимнің мағыналық және стилистикалық, яғни стилистика қарастыратын арнайы реңктері болады” (50, 84) деуінің қисыны бар. Сол сияқты, профессор Д.Э.Розенталь да “түгелдей алғанда, стилистика үшін, нақтырақ алғанда, практикалық стилистика үшін негізгі орын синонимдерге беріледі” (90, 10) дегенде, синонимдердің барлық түрін, оның ішінде синтаксистерді де ескеріп отырғаны даусыз. Сөйтіп, синтаксистік (кең мағынада – грамматикалық) стилистиканың ресурстары болып есептелетіндіктен, синтаксистік синонимдер, антонимдер, омонимдер т.с.с тілдік құралдар тәрізді, стилистиканың басқалармен “тең құқылы” ресурстары қызметін атқарады.

Жұмыс жазу үстінде алға қойған басты мақсатымыз – синтаксистік синонимдер жайындағы теориялық топшылаулар мен болжамдарды, нақтылы пікірлерді бір жүйеге келтіру. Дәлірек айтқанда, синонимика жөніндегі отандық тіл білімінің жетістіктерін басшылыққа ала отырып, қазақ әдебиеті тіліндегі синтаксистік синонимдердің анықтамасын беру, синтаксистік синонимдерді оларға ұқсас тілдік құбылыстармен арақатынаста сипаттау, сөз тіркестері мен сөйлемдердің синонимдерін жеке-дара сөз ету негізгі нысанымыз болып табылады.

І. СИНТАКСИСТІК СИНОНИМДЕРДІҢ ТЕОРИЯСЫ

Мәселенің зерттелуі

Проф. А.Пешковскийден бастау алған грамматика саласындағы синонимдерді (41, 42) зерттеу жұмыстары шет ел тілдері мен түркі тілдері негізінде қазіргі кезде де кең қанат жайып, үлкен өріс алып отыр.

Бір байқалатын жай – ТМД тіл ғылымындағы бұл бағытта жарық көріп жатқан жеке кітаптардың, ірілі-ұсақты мақалалардың, баяндамалар мен хабарлардың авторлары грамматикалық синонимиканың негізін қалаушы ғалымның басты пікірін қуаттай отырып, ол ойды одан әрі дамытуда. Әсіресе, орыс стилистерінің еңбектерінен мұны көбірек аңғарамыз. Айталық, алғашқы жылдары жалпы мәселені қозғаушылық (Г. И. Рихтер т.б.) басым болса, одан бергі кезде нақтылы мәселелерді синтаксистік синонимдерден бөліп алып, жалпы айтуды да (О. М. Соколов), жұрнақтардың синонимдігін жеке қарауды да (Н. Н. Лопаткинова) осы нақтылыққа жатқызар едік. Оның бер жағында, синтаксис саласындағы синонимдердің өздерін сөз тіркестері ыңғайында (Д. В. Уткин, Х. М. Сайкиев, А. А. Кока, Е. А. Иванова-Янковская, М. Д. Мишаева, Т. Чивкова, В. П. Сухотин, В. И. Кононенко, Р. С.Зуева, Ш. А.Тунгачина, т.б); сөйлем мүшелерінің түрлері бойынша (Н. А. Метлина, М. Н. Мурзина, А. В. Фетисова т. б); жай сөйлем түрлері ретімен (М. А. Копейкин, Н. А. Федотова, И. О. Степанян т. б); құрмалас сөйлем, әсіресе, сабақтастардың түрлеріне орай (Е. А. Назикова, О. А. Громаковская, В. Ф. Иванова, В. М. Иванова, А. Ф. Михеева, Е. С. Скобликова т.б.) зерттеді. Орыс тіл білімінде синтаксистік синонимдерді қазіргі тіл фактілері негізінде қарастырумен бірге, тарихи, диалектологиялық материалдармен салыстыру жағы көрініс беріп жүр. Мысалы, Н. В. Ламзикова сияқты зерттеушілер XVIII ғасырдағы тілдік материалдарды, Е. М. Пантелеев т.б. Кемеров облысындағы жергілікті тіл ерекшеліктерін арқау ету арқылы синонимдік конструкциялардың жарыса қолданылуын талдайды.

Бұл проблема жөнінен орыс лингвистикасында біраз тәжірибе жинақталғанының нәтижесі болу керек, шолу мақалалар да, атап айтқанда, И. И.Ковтунованың, Е. П. Шендельстың, В. П. Сухотиннің, А. А. Шумилнаның, А. А. Цойдың, И. О. Степаняның, М. М. Игнатъеваның мақалалары шықты. Сондай-ақ В.П.Сухотиннің, М.П. Палевскаяның, В. И. Кононенконың жеке монографиялық еңбектері жарық көрді. Орыс тілі академиялық грамматикасынан (1952; 1960 жылдар) сөз тіркестерінің синонимдігі туралы арнаулы параграф орын алды. Профессор А.Гвоздев жазған стилистика оқу-

лығының (38) әр басылымында монографиялық және синтаксистік синонимдерге арналған тақырыпшалар бар. Профессор Д. Э. Розентальдың авторлығымен шыққан орыс тілінің практикалық стилистика оқулығында (93) синтаксистік синонимдерге мол теориялық және практикалық материал берілген. Стилистиканың ресурстары ретінде синонимдік құралдар туралы айта келіп, М.Н. Кожина пединституттарға арналған жаңа оқулығында синтаксистік синонимияға да тоқталады (66). Енді бір авторлар синтаксистік синонимдерді мектеп шәкірттері мен студенттердің тіл байлығын арттыру мақсатындағы елеулі құралдардың бірі деп қарастырады (43; 64; 75; 88). Стилистердің келесі бір тобы көркем әдебиет тіліндегі синтаксистік синонимдерді өз зерттеулерінің арқауы етіп алады. Дәлірек айтқанда, бұл орайда Н. А. Некрасов, А. П. Чехов, А. М. Горький, М. А. Шолохов, К. А. Федин, К. А. Паустовский сияқты классиктердің сөз қолдану сырлары тілге тиек болады. Көптеген жұмыстарда синтаксистік синонимдерді олармен ұқсас тілдік құбылыстардан ажырату мәселесі сөз болады. Туыстығы жақын немесе алшақ тілдердің синтаксистік синонимдерін салыстыра зерттейтін еңбектер де баршылық. Олардың біразында орыс тілі мен қазақ тіліндегі (31; 32) орыс тілі мен шет тілдердегі және бірнеше шет тілінің өзара сыйындағы (98; 71) синтаксистік категориялардың синонимдігі қарастырылады. Ал шет ел тілдерінің материалдары бойынша бұл проблемаға қатысты зерттеулердің бүгінгі таңда аз кездеспейтінін айта кеткен жөн (37; 82; 41; 42).

Оншалықты көп болмаса да, кенестік түркологияда синтаксистік синонимика проблемасына арналған бірталай еңбекті атап көрсетуге болады. Мұның өзі түркі тілдері материалында да сөз болып отырған проблеманы зерттеу ісіне бастама жасалғанның куәсі болып табылады. Академик А. Н. Кононов өзбек тіліндегі септік жалғаулардың алмасып қолданылуына көңіл бөледі (68; 99-100). Мұндай алмасудың болатынын А. Коклянова да мойындайды, алайда бұл құбылыс ойдағыдай айқындалмайды. С. Әжиеваның (4), С. Ақбаровтың (5; 6; 7; 8; 9), О. Ахмедованың (17), Б. Тойшыбаевтың (110; 111) ізденістері ілгерідегі ғалымдар зерттеулерінің заңды жалғасы сияқты.

Кезінде профессор Н. К. Дмитриев әр түрлі септік жалғауын жалғаған сөздердің өзара алмасып жұмсалатынын айтқан болатын (47; 61). Башкұрт тіліндегі құрмалас сөйлем туралы кітап жазған келесі бір автор жол-жөнекей болса да, бір синтаксистік конструкцияның орнында екінші конструкцияның кездесе беретіндігі жайлы мәселе қозғайды (94).

Бұл проблеманы әзербайжан тілінің мамандары да назардан тыс қалдырмайды. Бұл ыңғайда “грамматикалық синонимия” деген жалпылама аты болса да, етістік тұлғалардың синонимдігі туралы диссертациялық жұмыстың елеулі мәні бар (74). Енді бір

зерттеуші нақтылы атымен синтаксистік синонимдер жайында әңгіме қозғайды (1; 2).

Септік жалғауының өзара алмасуы аталғандардан басқа түркі тілдерінде де байқалады. Якут тілінің материалы бойынша қорғалған диссертация (35) осыны көрсетеді.

Татар тілінің мамандары синтаксистік синонимика проблемасын жан-жақты және біршама толық сөз етіп жүр деп батыл айта аламыз. Мұндай мәселелерді көтерген пікірлер арнаулы мақалаларда, баяндамалар мен хабарламаларда, жекелеген монографиялар мен әдістемелік кітапшаларда, оқулықтар мен оқу құралдарында кездеседі. Мәселен, М.Хамбикованың татар тіліндегі синонимдерге арналған монографиясында (118) синонимдердің лексика-фразеологиялық түрлерінен басқаларына да тоқталады. Айталық, автордың салыстырмалы категориялары (құрмалас сөйлем мен жай сөйлем) өзара синоним деп қарастырғаны орынды. Сондай-ақ мезгіл бағыныңқылы сабақтастардың өз ішіндегі синонимдеріне, төл сөз бен төлеу сөздің синоним болу мүмкіндіктеріне назар аударады. Проф.М.Закиев түркологияға кеңінен танымал монографиясында (51; 37; 123; 125; 133-134) *Ғабидолла үшін жазу — Ғабидолла орнына жазу; бес сомнан алдым — бес сомға алдым; гармонь ойнау — гармоньда ойнау* тәрізді мысалдарды сөз тіркестерінің байланысу формаларының әр түрлілігінің нәтижесінде болған синонимдер деп есептейді. *Ғалым мен оны бес саусағымдай білем — бес саусағымды қандай білсем, оны да сондай білем* сықылды сөйлемдердің арасында болатын синонимдер туралы да әңгімелейді. Бұған қарағанда, М.Закиев те жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің синоним болуын қолдайды. Бұл, әрине, ғалымның үлкен зерттеу еңбегінің ішінде сөз арасында айта кететін жайлары, демек, арнайы тоқталып, бүге-шігесіне дейін талданып отырған мәселе емес. Соның өзінде, біріншіден, автордың тың мәселеге барғаны қисынды болса; екіншіден, одан басқа зерттеушілерге ой саларлық жайды қолденең тартқаны құптарлық. Татар тілінің маманы С.Ибраһимовтың синтаксистік синонимдер саласында біраз еңбегі бар (55, 56, 57, 58). Солардың ішінен синтаксистік синонимдердің түрлері туралы кітапшасын (58) атауға болады. Кітапша арнаулы семинардың материалы ретінде жазылған. Бір қарағанда, әдістемелік жағынан құнды еңбек болғанымен, бірсыдырғы теориялық мәнге ие деуге тұрарлық. Автор бір құрамды (бір тұрлаулы мүшелі) сөйлемдер және олардың синонимдеріне арнайы көңіл бөледі. Мұның өзін үш түрге бөліп қарастырады: бір құрамды сөйлем мен екі құрамды (екі тұрлаулы мүшелі) сөйлемнің синонимдігі; бір құрамды сөйлемнің бір түрі мен екінші түрінің арасындағы синонимдік; бір құрамды сөйлемнің әр түрінің арасындағы синонимдік. Автордың түсінуінше, актив конструкциялар мен пассив конструкциялардың арасында да синонимдік байқалады. Одан кейінгі аналитикалық және синтетикалық

конструкциялардың синонимдігі жайлы пікір айтылады. Қысқасы, С.Ибраһимовтың бұл шағын кітапшасы да, көлемінің аздығына қарамастан, синтаксистік синоним мәселелерін қарастырып жүргендерге берер пайдасының бірталай екендігін жасырмаған жөн.

Міне, қысқаша шолып өткеннің өзінде, бүкіл кеңестік тіл білімінде, оның ішінде түркі тілдер туралы отандық ғылымда стилистиканың ең басты да – синтаксистік синонимдерге арналған біршама ізденістер, байқаулар, қайсыбір ретте қол жеткен табыс та бар екен деп қорытынды жасауға хақымыз бар. Кеңестік түркологияда бұл сияқты мәні зор мәселеге байланысты байламдар мен топшылаулардың уақыт өткен сайын көбейе түсуінің де заңдылығы бар. Бұл әрі – қуанарлық та жай. Осының бәрі өз ана тіліміз – қазақ тіліндегі синтаксистік синонимдер құбылысын арнайы зерттеудің арқауы етуге себепші болуға да тиіс. Бұл күнде қазақ синонимистерінің де азды-көпті еңбектері бар екені шындық.

Профессор М.Балақаев тура толықтауыш туралы айта келіп, *оттан аттап өтті – отты аттап өтті; оттан айналды – отты айналды; таудан асып кетті – тауды асып кетті; атқа мінді – атты мінді* тәрізді сөз тіркестерінде септік жалғаулардың ауысып келгенін ескертеді (73, 435-436). Ғалым қазақ тіліндегі сөз тіркестеріне арналған жеке еңбегінде (21, 74, 80, 94, 96, 113) сөз ретімен септік жалғаулар мен шылаулардың өзгеріп келуінен жасалған синонимдерді айтып отырады. Рас, автор оларға синтаксистік синонимдер деген атау бермейді. Мәселе тіпті олардың қалай аталуында емес, сондықтан бір тілдегі синтаксистік сөз тіркестерінің жалпы сипаттамасын, олардың сырын ашып, түрлеріне байланысты жалпы жайларын жазып отырған адамнан (соның өзі де – бір автор мен бір кітапқа жеткілікті жүк) бізге керекті мәселеге көп тоқталмапты, барлық мәселені бірден шешіп бермепті деп кіно тағу әділдік болмас еді. Ең бастысы – бірде сәйкестік (соотнесительность), бірде синонимдес (синонимичность) деп, әр түрлі атаса да, белгілі ғалымымыздың тілдегі қызықты құбылысты дұрыс байқап, дәл аңғарғаны күмәнсыз.

Филология ғылымының докторы М.Томановтың кандидаттық диссертациясының бір тарауы синтаксистік синонимикаға арналды (107). Бұдан бұрын оның мақаласы (108) жарияланған еді. Екеуінде де зерттеуші мезгілдік қатынастағы (109) сөз тіркестерінің синонимдерін мағынасына қарай топтаған, әр топтың жасалу тәртібін, жалғануға тиісті қосымшалар мен тіркескен көмекші сөздерді талдап көрсетеді. М.Томанов бірден мезгілдік қатынастағы сөз тіркестерінің синонимикасы туралы сөзді бастап кетпей, әуелі қазақ тіліндегі синтаксистік синонимия құбылыстарының жалпы мәселелеріне аздап тоқтала кетеді. Автордың синтаксистік синонимдер жайлы жалпы түсінігі принципті дау туғызбайды. Мұндай синонимдерді өзара тепе-тең мағыналы деп қарамай, оны

тілдің икемдігін танытатын фактор деп білуі — сөз тіркестерінің синонимикасына қатысты ойлы пікір. Сөз тіркестері синоним болғанда, олардың лексикалық құрамының бірдей болуын қалауы да нанымды.

Бұл мәселеге қатысты Н.Базарбаевтың мақаласы (20) басылды. Кейінірек осы мәселеге байланысты диссертациясын да қорғады.

Қ.Өмірәлиевтің мақаласы (83) да осы мәселеге арналған. Алдағы авторлар синтаксистік синонимика мәселелерін қазіргі тіл материалдары негізінде әңгімелесе, бұл — септік жалғаулардың алмасу процесін тарихи даму ыңғайында сипаттайды. Филология ғылымының докторы Ф.Мұсабаеваның мақаласын (76) да атай кеткен жөн.

Қазақ тіл білімінде диалектологиялық сипаттағы синонимдік конструкцияға қатысты арнайы зерттеу еңбектері болмағанымен, бірер кітапта мұндай құбылыстардың бар екені атап өтіледі. (С.Аманжолов. “Вопросы диалектологии и истории казахского языка” А., 1959, 253, 254, 317 беттер. Ғ.Қалиев, Ш.Сарыбаев. Қазақ диалектологиясы. 1979, 121-122-беттер).

Бұл күнде қазақ тілінің стилистикасы тұрақты оқу программасы бойынша оқылатын, жоғары оқу орындарындағы филология мен журналистика факультеттерінің студенттері үшін жүргізілетін ғылыми курсқа айналады. Бұл пәннен 1966 жылы тұңғыш рет жарық көрген оқулық (24) екінші рет басылды (25). Екі басылымда да “Синтаксистік синонимдер” атты арнаулы параграф бар. Екі басылымның екеуінде де еш өзгеріссіз синтаксистік конструкциялардың синонимдігі үш пункттен сипатталады.

Синонимдіктің шарттары және синтаксистік синонимдердің анықтамасы

Екі не одан да көп синтаксистік конструкцияларды өзара синоним деп тану үшін, алдымен, синоним болудың негізгі шарттарын анықтап алған мақұл. Әңгіме синтаксистік синоним жайында болғандықтан, мұндайда синтаксистік қатынастың қажеттілігі өзінен-өзі түсінікті болса керек. Әйтсе де, ол (синтаксистік қатынас) басты критерий бола тұрып, синонимдікте мұның өзі жеткілікті бола бермейтінін ескере кеткен жөн. Айталық, *Алматыдан келе жатырмын — Москвадан келе жатырмын* деген екі конструкцияны бір-бірімен синоним деп ойлап қалуға да болатын сияқты: біріншіден екеуінде де кеністік мағына бар; екіншіден, нақтылы түрде айтқанда, екеуі де қозғалыстың шығар жолын білдіреді. Ал әр қатынаста келген конструкциялардың синоним болмайтындығына (мәселен, *Алматыға келе жатырмын — Москвадан келе жатырмын*) күмән тумаса керек, ойткені синонимнің бұл түрінде міндетті түрде бірдей синтаксистік қатынас ескеріледі: не тек

қана мақсаттық, не тек қана шарттық, не тек қана мезгілдік т.с.с. болуға тиіс. Соған қарамастан, ілгеріде келтірілген мысалдарымыздың өзара синоним болмауының бір себебі – лексикалық құрамының бірдей еместігі (бірінші сөз тіркесінде *Москва* сөзінің болмағандығы сияқты, екінші сөз тіркесінде *Алматы* сөзі болмай тұр).

Дәл осы жағдайда тек сөз тіркесіне байланысты ғана емес, сөйлемге қатысты да айтуға болады. Демек, мынадай жұп сөйлемдерді өзара синоним деп есептеу дұрыс болмас еді: *Сен келмегендіктен, мен театрға бара алмадым – Билет болмағандықтан, мен театрға бара алмадым* немесе *Сенің маған не айтқың келіп еді? – Сенің маған не көрсеткің келіп еді?*

Сонымен, синтаксистік қатынастар бірыңғай және лексикалық құрамдары бірдей болғанда ғана, синтаксистік категориялардың синонимдігі туралы сөз қозғауға тура келеді. Міне, сондықтан *зейінділігінің арқасында жақсы оқыды және зейінділігімен жақсы оқыды* дейтін сөз тіркестері өзара синоним деп танылуы тиіс.

Айта кету керек, лексикалық құрамының бірдейлігі дегенде, толық мағыналы сөздердің немесе профессор А. Ысқақов атағандай, “атаушы” сөздердің (125, 133) синонимдік қатар жасайтын конструкцияларда қайталанып келуін ескереміз. Ал көмекші сөздерге келетін болсақ, олар өздеріне тән лексикалық мағыналары солғындаған, лексикалық мағыналарынан гөрі грамматикалық мағыналары басым болуы себебінен көбінесе әр алуан грамматикалық қатынастарды білдіріп, әр қилы грамматикалық қызмет атқаратын “жәрдемші сөздер” болғандықтан (125, 133) лексикалық құрамға айта қаларлықтай өзгеріс енгізе алмайды.

Синтаксистік конструкциялардың (сөз тіркесі, жай сөйлем, құрмалас сөйлем) әр түрлі болуларына байланысты көмекші (жәрдемші) сөздердің де синонимге қатынасу дәрежесі әр алуан болып келеді. Қалай болғанда да, көмекші сөздердің синоним жасаудағы қызметін теріске шығарудың еш реті жоқ. Қайсыбір жағдайларда көмекші сөздің бір конструкцияда болмай қалуының өзі осы екі конструкцияның синоним болуына мүмкіндік туғызады.

Сөз тіркестерінің синонимикасында бағыныңқы сыңарлардың әр тұлғаға келуі міндетті деп есептеледі де, басыңқы сыңарлардың тұлғаларына еркіндік басым, яғни басыңқы сыңарлардың тұлғалары бірдей де, әр түрлі де бола береді:

Ол бүлкіл аяңмен жүріп отырып доңнің үстіне күн ұясынан шыға бергенде көтеріледі. – Ержан составтың алдына ақырын аяңдап жүре береді. Осындағы *аяңмен жүріп отырып* пен *аяңдап жүре береді*–ні синоним деп қарағанда, ілгеріде аталған екі принципке (бірыңғай синтаксистік қатынас, лексикалық құрамның бірдейлігі) қоса, үшінші принцип – бағыныңқылы сыңарлардың әр түрлілігі назарға алынып отыр. Сойтіп, мұндағы *отыр, бер* көмекші сөздердің лексикалық құрамдардың бірдейлігіне кедергісі жоқ. Бұл мысалдың ыңғайында бағыныңқы сыңардың бірде септік жалғауына

(аянмен), енді бірде жұрнаққа (аяндап) аяқталуы тұлғадағы әр түрлілікті көрсетіп, қайталап айтсақ, синонимдіктің тағы бір принципі немесе шарты болып табылады.

Мына бір жайға көңіл аудармасақ болмайды. Басыңқы сыңарлардағы тұлғалық әр түрлілік пен ұқсастықта еркіндік бар екендігі айтылады. Алайда оларға (басыңқы сыңарларға) да қойылатын талап бар. Алдымен, басыңқы сыңар қызметіндегі сөздердің қанша болуы синонимдікте шешуші роль атқармайды. Мәселен, синонимдік қатардағы бір сөз тіркесінде басыңқы сыңар орнындағы сөз біреу ғана (екеу, үшеу, тіпті төртеу) болуы да мүмкін. Таза сан жағын алғанда олардың синонимдікке “кері әсері” байқалмайды. Осыған орай, екіншіден, синоним болатын сөз тіркестеріндегі басыңқы сыңар қызметіндегі негізгі (атаушы) сөздің түбірлес болуы заңды деп есептеледі: *есіктен кірді – есік арқылы кіріп келе жатқан*.

Қазақ тілінде және басқа түркі тілдерінде де сөз тіркестеріндегі басыңқы сыңарлардың өзара лексикалық синоним сөздер ретінде кездесетіні бар: 1. *Әбіш бірдеме айтқысы келсе, тек ұйқылы-ояу адамның қалпындай, ақырын сыбырлап айтып та қояды. Абай тағы да сыбырлай сөйлеп шер толқытып кеткенде, ойда жоқта өз-өзінен ыргақты бір жолдар құралды (сонда). 2. Құз-қияны өрмелеп, Ай туады дөңгелек – Бір күні тік басуға жарадым мен, Сол сол-ақ қияға өрлеп барамын мен.*

Айтып – сөйлен; өрмелеп – өрлеп сөздерінің лексикалық синонимдер екені дау туғыза қоймас. Мұның өзі осы сөздер қатынасқан сөз тіркестерінің синтаксистік синоним болуларына біршама жақындатып тұр. Керісінше жағдайда, айталық, *сыбырмен айтып – сыбырлай ұрсып* немесе *қияны өрмелеп – қияға қарап* тәрізді болып келсе, мұндай сөз тіркестерінің синоним болуы не болмауы туралы мәселені қою артық болар еді. Дегенмен, *сыбырмен айтып – сыбырлай сөйлеп, қияны өрмелеп – қияға өрлеп* тіркестеріне қарап, тура мағынасындағы синтаксистік синонимдердің мысалы болып табылады деу қиын, өйткені басыңқы сыңардағы бізге дейінгі зерттеушілердің пікіріндегі ақылға қонымды термин (105, 19) орынды деп есептеп, біз де синонимдердің мұндай түрі *лексика-синтаксистік синонимдер* деп атауды жөн көреміз.

“... Лексикалық құрамы мен құрылымы жағынан ажыратыл: мағыналары өзара жақын болып келетін тіркестер лексика-синтаксистік синонимияны танытады, синонимдік сәйкестіктер тілге тиек еткен кезде, мұны теріске шығаруға болмайды, – деп атап көрсетеді В.П.Сухотин. – Лексика-синтаксистік синонимдердің лексикалық синонимдерден айырмашылығы мынада: бір сөздің орнына екінші сөзді (айталық, *қажудың* орнына *шаршау*) қолданғанда, бұл сөздермен айтылған құбылыстар ғана өзгеріп қоймайды, функционалдық жалпылықты сақтағанның өзінде, басқа құбылыстарға қатынасы да өзгеріске түседі” (105, 23). В.И.Ко-

ноненко мынадай анықтама береді: “Айырмашылығы жалғаулықтан, көмекші сөз бен модель сөзден ғана көрініп, әр түрлі синтаксистік байланыс жасамайтын конструкциялар лексика-синтаксистік синонимдерге жатады” (70, 20). Мұндай тұжырыммен келісе қою қиын, өйткені осы аталған тілдік единицалардың әр түрлілігі синтаксистік синоним үшін қажет болып табылады. Бұл тұрғыдан алғанда, ілгерідегі В.П. Сухотин атап атап көрсеткен айырма белгі көңілге қонады. Шынында, салыстырылуға тиіс конструкциялардағы өзгешеліктің бастысы көмекші сөздер емес, толық мағыналы лексикалық единицалардан көрінуге тиіс.

Синтаксистік синонимикадағы келесі принцип – мағыналық жақындық принципі. Лексика фразеологиялық синонимдердегі сияқты, синтаксистік синонимдерде де зерттеушілердің ешқайсысы мағыналық жақындықты жоққа шығарып көрген емес. Сондықтан сөз болып отырған проблемаға арналған үлкенді-кішілі еңбектердің ешқайсысынан бұл мәселе жөнінде әлдебір қайшылықты кездестірмес едіңіз.

Синтаксистік мағынаның ұқсастық принципіне тығыз байланысты келесі принцип – синонимдес синтаксистік конструкциялардың арасындағы айырмашылық принципі. Басқаша айтқанда, салыстырып отырған конструкциялардың арасында кішкентай да болса айырмашылық байқалмаса, олар өзара синоним бола алмайды. Синонимдердің қай-қайсысы да мұндай айырмашылықты қажет деп табады. Профессор Ю. Апресян да мұны мойындай отырып, “мағынаның реңкі” (оттеноч значения) терминін қолданудан сақтану керектігін ескертеді. Оның себебі, деп көрсетеді ғалым, мағынаның реңкі тұрақты болмайды, ол жеке лексикалық единицалардың мазмұнынан емес, синтаксистік тіркеске түскен сөздердің мазмұнынан білініп отырады (14, 85-86). Автор бұл мәселеге тағы бір мақаласында арнайы тоқталады: “...мағынаның реңкі дегенде, – деп жазды ол, – көп жағдайда жуық мағыналардың сәйкеспейтін бөлігі деп ұғынушылық бар. Олай болса, мағынаның реңкіндегі айырмашылық дегеніміз мағынадағы айырмашылық болып шығады да, реңк дегеніміз артық болып қалады...”

Кейде бұл терминді (мағынаның реңкі – М.С.) сөздердің тіркесіміндегі семантикалық айырмашылықты білдіретін ситуацияда қолданудың қажеттілігі туралы айтылады. Алайда мұндай жағдайда реңк туралы сөз қозғау факторын еңің айналдырып жұмсау болып табылады: мұндайда сөздердің мазмұнымен (мағынаның реңкімен) емес, ол сөзге синтаксистік тіркеске түскен сөздердің мағынасымен ерекшеленеді ғой” (15, 91).

Біздіңше, ғалымның пікірі таза терминнің қолданысына байланысты. Ең бастысы – мағынадағы айырмашылық деп атала ма, мағынаның реңктеріндегі айырмашылық деп атала ма – қалай аталғанда, жақындық, жуықтық болғандығы сияқты, екі не одан көп конструкцияның арасында айырмашылықтың болуы синонимдік үшін қажетті шарттың бірі екені даусыз.

Бұл принциптер, жалпы атауы синтаксистік болғандықтан, сөз тіркестері синонимдерінде де, сөйлемдердің синонимдерінде де басты принциптер болып табылады. Алайда кейбір реттерде құрылымының өзгешеліктеріне байланысты сөйлемдердің сөз тіркестерінің синонимдерінен басқашалау болып келетін жайлары бар. Мысалы: *Тоғыз ай, тоғыз күнде ана құрсағынан бір туган. Одан соң тоқсан жасқа келгенде заман құрсағынан тағы бір туды. Сойтпін, ұлы Абайдың құрдасы, көзі тірісінде Гомер атанған Жамбыл дүниеге екі рет туып келген.*

Қолына қалам алған кез келген адамның осылайша жазуы әбден мүмкін: грамматика, стилистика тұрғысынан алғанда да, әр сөз орнында, айтар ойы айқын, түсінікті, былайша айтқанда, тосырқарлық ештеңе жоқ сияқты. Ал аса көрнекті стилист, көркем сөздің зергері Ф. Мүсірепов бұл үш сөйлемнің орнына құрмалас бір ғана сөйлем құрайды: *Ұлы Абайдың құрдасы, көзі тірісінде Гомер атанған атамыз Жамбыл – дүниеге екі рет туып келген адам: тоғыз ай тоғыз күнде ана құрсағынан туады: тоқсан жасқа келгенде заман құрсағынан тағы бір туды (Феномен-Феникс).*

Осы келтірілген үш жай сөйлем мен бір құрмалас сөйлемнің синонимдігі ілгеріде саналған шарттарға, принциптерге тура келеді: екі жағдайда да ортақ мағына бар, бір мазмұн бар, бірыңғай грамматикалық (синтаксистік) мағына да білініп тұр; сонымен бірге грамматикалық тұлғада да, мағынаның реңкінде де айырмашылық сезіледі: алдыңғыда әрқайсысы жай сөйлем болғаннан кейін, баяндауыштары тиянақты тұлғаға аяқталады да, екінші жағдайда құрмаластың құрамындағы болшектер болғандықтан, бір компонент пен екінші, екінші компонент пен үшінші компоненттердің арасындағы интонациалық жағынан жалғасып жатушылық та тыныс белгісі арқылы танылып тұр. Тағы бір айырмашылығы мынадан байқалады: бірінші жағдайдағы жай сөйлемдер ауызекі сөйлеу тілінің стиліне тән де, екінші жағдайдағы құрмалас сөйлем кітаби – жазба тілінің стиліне жақын екенін танытады.

Сөйлемдердің синонимдігін мына мысалдан да коруге болады: *Сені тақтай ұрлады деп жазғыра алмаймын, Сапар, Сенбеймін ондай сөзге – Сені тақтай ұрлады деп жазғыра алмаймын, Сапар, ойткені сенбеймін ондай сөзге – Сені тақтай ұрлады деп жазғыра алмаймын, Сапар: сенбеймін ондай сөзге – Ондай сөзге сенбегендіктен, сені тақтай ұрлады деп жазғыра алмаймын, Сапар.*

Бұдан сөйлемдердің синонимдігінде бір өзгешелік – әр құрылымдық көзге түседі. Бұл ретте профессор А.Н.Гвоздевтің синтаксистік синонимге берген анықтамасында әр құрылымдықтың айтылмағаны жөнінде М.Ф.Палевскаяның ескертпе жасауын қолдаймыз: “Бұл анықтамада ең бастысы – параллель оралымдардың (оборотов) құрылымы ескерілмей отыр; синтаксистік синонимдер міндетті түрде құрылымы жағынан ажыратылуы керектігі

баса айтылмайды, сондықтан да синтаксистік синонимнің табиғаты ашылмай қалған” (82, 88). Сөз тіркестері синоним болғанда, бағыныңқы сыңарлардың әр түрлі болып келетіні тәрізді, жай сөйлем мен құрмалас сөйлем, сондай-ақ құрмалас сөйлем мен құрмалас сөйлем өзара синонимдік қатарға түскенде, мазмұндағы сәл де болса айырмашылыққа байланысты құрылымда да өзгешелік байқалуға тиіс.

Синтаксистік конструкциялардың құрылымындағы әр алуандық жайлы зерттеушілердің әр қилы пікірлері бой көрсетеді. Мәселен, профессор В.П.Сухотин құрылымындағы өзгешеліктің көрсеткіштері деп сөздердің байланысу құралдарын (сөз тұлғалары, шылаулар) атайды (103, 32). Келесі ғалым, М.Ф.Палевская, көмекші сөздердің қызметін асыра бағаламауға шақырады. Оның себебін мұндайда мағыналық реңк байқалмай қалады деп түсіндіреді (85, 90-120). Үшінші автор әр құрылымдық синтаксистік байланыс формалары тұрғысынан айтылған пікірлердің дұрыс немесе бұрыстығы ілгеріде сөз болған критериймен – синтаксистік конструкциялардың арасындағы мағыналық айырмашылық принципімен тығыз байланыста қарастырғанда айқындауға мүмкіндік туады. Ана тіліміздің материалы көрсетіп отырғандай, белгілі бір синтаксистік конструкциялар бір-біріне синоним болу үшін, олардың міндетті түрде бір синтаксистік байланысу формасында келуі немесе міндетті түрде әр синтаксистік формада келуі шарт емес. Айталық, *қымызды ішті* мен *қымыздан ішті* деген сөз тіркестерін өзара синоним деп қараймыз. Демек, олардың синоним болуына бағыныңқылардың екеуінің де синтаксистік байланыстың меңгеру түрі болғаны кедергі жасап тұрған жоқ. Ең бастысы екеуінің арасында мағыналық айырмашылық бар: бірінде (біріншісінде) объектінің әрекетке толық күйде түскені аңғарылады да, екіншісінде ол объект әрекетке толық күйінде емес, оның белгілі бір болшегі түсіп тұр. Дегенмен, бір ғана матасудағы бағыныңқылар болғанымен, *қала тұрғыны* мен *қаланың тұрғыны* деген сөз тіркестерін синоним деу дұрыстыққа жатпас еді, өйткені мұнда алдыңғыдай мағыналық айырмашылық көрінбейді, вариант түрінде қабылданады. Ендеше, синтаксистік синонимикадағы әр құрылымдық дегенде, біз синтаксистік байланыс формасының бір түрі ме, әр түрі ме, қайсысы болғанда да, әйтеуір, мағыналық айырмашылықты танытатын грамматикалық тұлғаның әр түрлілігі деп түсінеміз.

Мұнымен әр құрылымдық деген ұғымды тар мағынада алудан аулақпыз. Керісінше, әңгіме синтаксистік байланыс формасы дегенде, тек сөз тіркесі аясында қалып қоймай, сөйлем ыңғайында да болып отырғаны ұғыныңқы болса керек. Белгілі синонимистердің бірі В.И.Конonenконың көмекші сөздердің тек негізгі сөздермен тіркесте келгенде мағына тудыратындығы туралы ойы қисынды: “Көмекші сөздердің жеке тұрып толық мағына бере

алмайтыны, олар негізгі создермен тіркесіп келгенде ғана грамматикалық мағына білдіруге икемді екені белгілі (70, 16). Сондықтан автор құрылымның әр түрлі болуын сөйлем ыңғайында да, сөз тіркесі ыңғайында да қажет деп біледі: “Әр құрылымдық синоним жасаудың міндетті шарты болып табылады; синтаксистік синонимдердің құрылымдық ерекшеліктері, атап айтқанда, біршама мазмұндас сөз тіркестерінің байланысу әр алуандығынан көзге түседі; құрылымдық айырмашылықтың көрсеткіштері ретінде сөз тұлғалары, жалғаулықтар т.б. қызмет етеді” (70, 18). Қазақ тілінің материалы да мұны растайды: *Өмірдегінің бәрін біліп алдың деп кім үйретті саған – Өмірдегінің бәрін біліп алдың деп біреу үйретті ме? – Өмірдегінің бәрін біліп алдың деп кім үйретуші еді?*

Әр құрылымдық мәселесіне келгенде, сөз тіркестері синонимі мен сөйлемдердің синонимінде біршама айырмашылық бар. Сөз тіркестерінде өзінің табиғатына сай, басты белгілердің бірі ретінде создердің байланысу тәсілдері мен түрлері (формалары) болса, сөйлемдегі “басқарушылық”, “ұйымдастырушылық” қызметі баяндауыш мүшенің атқаратыны белгілі.

Әр құрылымдық синонимділіктің принципі ретінде келесі принциппен – экспрессивтілік пен модальдылықпен байланысты келетін кейбір синонимистер қисынды атап көрсетеді (70, 19). Былайша айтқанда, жалпы мазмұны бір болып, айырмашылығы әлгі аталған сәттерден (экспрессивтік, модальдылық, эмоциональдылық) көрініп тұрса, ондай сөйлемдерді де өзара синоним деп есептейтін кездер де кездеседі. Мәселен, келтірілген мысалдағы сұраулы сөйлемді жауап талап ететін ашық сұрақты сөйлем деуге болмайды, оны риторикалық сұрақты сөйлем деп түсіндірген дұрыс. Түптеп келгенде, үш сөйлемнің де берер мазмұны бір. Соған қарамастан бір-бірінен айырмашылығын байқауға болады: бірінші сөйлемде сөз көрсету, кесіп-пішіп айту басым; екіншіде – сенімсіздік, күмән, шүбә аңғарылады; үшіншіде – айтушының тыңдаушыға өз ойын менсінбей, тәкаппар қалыпта жеткізу нышаны сезіледі.

Трансформациялық та синонимділіктің қажетті элементі ретінде қаралуға лайық, себебі “трансформациялық дегеніміз – белгілі бір морфологиялық құрылымда келген конструкцияны өзмен мазмұндас екінші бір конструкцияға айналдыру” (78, 142). Мысалы: *Сені көргеннен бері, көңілім бір түрлі көтеріңкі сезіледі – Сені қалай көрдім, содан бері көңілім бір түрлі көтеріңкі сезіледі – Сені көруім мүң екен, содан бері көңілім бір түрлі көтеріңкі сезіледі.*

Трансформация арқылы одан әрі де түрлендіруге бола берер еді: *Сені көрсем болды, көңілім бір түрлі көтеріңкі сезіледі – Сені көрген сайын, көңілім бір түрлі көтеріңкі сезіледі – Сені көрсем деп, көңілім бір түрлі көтеріңкі сезіледі – Сені көргендіктен, көңілім біртүрлі көтеріңкі сезіледі – Сені көргенімге көңілім бір түрлі көтеріңкі сезіледі т.с.с.* Алайда соңғы өзгертілген конструкциялар

алдыңғылармен синонимдік қатарға түсе алмайды, өйткені бұлардың мағыналық қатынастары олармен (алдыңғылармен) сәйкес келмейді, демек, бірыңғай синтаксистік қатынас сақталмайды. Синтаксистік синонимдердің принциптері туралы сөз болғанда, өзара алмасу жайында айтпай кетуге әсте де болмайды, тегінде, өзара алмасушылық лексикалық, фразеологиялық, морфологиялық синонимдердегі сияқты, синтаксистік синонимдерде де болуға тиіс құбылыс деп есептеледі. Бір еске ұстарлық жай: өзара алмасушылық синонимдіктің басты шарттарының бірі бола алмайды, себебі синонимдік қатар жасай алмайтын тілдік единицалар да, айталық, зат есім мен есімдік, зат есім мен үстеу бірінің орнына бірі жүре беруі әбден мүмкін. Кейде жеке сөзбен бірнеше сөз тізбегі де стилистикалық мақсатта алмаса беретіні бар: *“Жақында Москвада жас эниілердің өткен жылдан бері жүріп жатқан “Омірді әнмен өрнектен” атты Бүкілодақтық телеконкурсының финалдық концерті болды.*

Жас таланттардың шеберлік қырларын сан саладан саралаған осы бәсекеде қазақ эстрадасының жаңа жұлдызы, “Гүлдер” ансамблінің эниісі, Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты Роза бірінші орынды иеленді.

“Әлия” әнін шебер орындап, тыңдаушы жүртшылықтан ең көп дауыс алған Роза Рымбаеваға Бүкілодақтық “Мелодия” фирмасы мен Орталық телевизия көрермендерінің бас жүзделері табыс етілді. Финалдық бәсекеде бас бәйгеге ие болған жас эниі эстрада эниілерінің халықаралық конкурсына қатысуға жолдама алды” (“Қазақ әдебиеті”).

Көріп отырғанымыздай, автор оқырманды жалықтырып алмау үшін әр түрлі сөздерді немесе сөз тіркестерін орын ауыстыра қолданып отырады: *финалдық конкурс – бәсеке; иеленді – ие болды; Роза Рымбаева – жас эниі т.с.с.* Мұндай орын алмасушылық ауыз-екі тілде де, жазу тілінде де жиі кездеседі. Алайда ілгеріде саналып шыққан шарттар мен талаптар ескерілсе, бұл төрізді алмасушылықтың кез келген синонимдіктің қорсеткіші деп ойлау қателікке ұрындырады. Сондықтан да кейбір авторлардың орын алмасушылықты синонимдіктің негізгі қасиеті емес деген де (15,88), енді бір зерттеулердің трансформациялық пен алмасушылық синонимдіктің шартты емес, салдары болып табылады деген пікірін де (70, 19) қуаттамасқа болмайды. Бұдан қайшылыққа ұшырамағанымыз түсінікті болар, өйткені бұл айтылған екі тұжырымның екеуі де бір ойға – орын алмасушылық синоним болудың бірден-бір белгісі емес дегенге сайып отыр.

Зерттеліп отырған проблемаға байланысты терминдердің де көп ұшырасатынын байқамауға болмайды. Бір жағынан, мұның өзі түсінікті де болса керек: әр автор өз ойын нақты, дәл жеткізуге тырысады. Солай болғанмен, екінші жағынан бұл жай бір ойды қайталап айтушылыққа да соқтырады. Кей реттерде әр автордың

әр терминмен атап отырғаны бір мәселе болып шығады. Мұның оралымсыздық жасайтын тұстары да бар. Мәселен, В.И.Кононенконың *синтаксистік конструкциялардың синонимикасы* деуі синтаксистік синонимиканы түгел қамтиды (оның диссертациясының тақырыбы да (69), монографиясы да солай аталады). М.Ф.Палевскаяның орынды атап көрсеткеніндей (85, 93), Р.С.Зуеваның (54, 75-78) біресе *единицалардың синонимикасы*, біресе *синтаксистік синонимика* дегені бір ғана ұғымды береді. Біздіңше, бүкіл синтаксистік категорияларға ортақ құбылысты жалпы *синтаксистік синонимика* деп атап, ал әрі қарай жіктелетін түрлеріне байланысты сол кіші категорияларға қатысты синонимиканы анық атаған жөн. Мәселен, *сөз тіркестерінің синонимикасы*, *сөйлемдердің синонимикасы*, *жай сөйлемдердің синонимикасы*, *құрмалас сөйлемдердің синонимикасы*, *есімді сөз тіркестерінің синонимикасы*, *етістікті сөз тіркестерінің синонимикасы* деген сияқты ретпен атаған ақылға қонымды көрінеді.

Көп жағдайда терминдер өте көп болғандықтан, қайсысын еске сақтау керек екенін де білмей қалуға болар еді. Мысалы: *қатынастардың бірыңғайластығы мен әрыңғайластығы* (однородность и разнородность отношений) (В.П.Сухотин) (104, 19), *бірыңғайлас және әрыңғайлас синтаксистік байланыстар* (однородная и разнородная синтаксические связи) (М.Ф.Палевская) (85, 89) *құрылымдық тепе-теңдік* (структурное единство) (85, 90), *синтаксистік тепе-теңдік* (синтаксическое тождество) (85, 92-96), *синтаксистік единицалардың тепе-теңдігі* (тождественность синтаксических единиц) (В.И.Кононенко) (70, 20), *бір аспектілі және ара аспектілі* (одноаспектный и межаспектный) (Е.П.Шендельс) (70, 20), *ішкі аспектілі* (внутриаспектный) (123, 71), *тең валентті және әр валентті* (равновалентный и разновалентный) (104, 131) сияқты терминдер ғылыми әдебиетте мол кездеседі. Бұлардың көбінесе (бір автордың жұп терминдері): қарама-қарсы мағынада қолданылатыны белгілі. Айталық, екі немесе одан көп конструкциялардың өзара синоним болулары үшін, олар бірыңғайлы қатыста (біздіңше, өзгелерден осы терминнің орнықтылығы ұнайды), лексикалық құрамы тепе-тең, бір валентті немесе тең валентті, бір аспектілі болулары керек. Басқа жағдайда, мәселен, керісінше келіп, әр ыңғайлы қатынаста, лексикалық құрамы тепе-тең емес, әр валентті, әр аспектілі болса, ондай конструкцияның синонимділігі жайлы сөз болмасқа тиіс.

Егер Т.Г.Винокурдың *синонимдік ситуациясын* (синонимическая ситуация) (34) синонимділіктің шарты деп ұғынуға болса, оның *бір предметтілік*, *предметтік* (однопредметность) немесе *әр предметтілік* (разнопредметность), сондай-ақ *бір планды* (одноплановый), *әр планды* (разноплановый) дейтін терминдері ілгерідегі терминдерді еске түсіреді (34). Рас, автор синтаксистік емес, лексикалық синонимдер туралы сөз етеді. Әйтсе де, синонимдердің

барлық түрінің теориялық жайлары негізгі мәселеде түйісіп жататыны мәлім.

Синтаксистік синонимдерге тікелей қатынасы бар, соған қарамастан, әлі күнге дейін толық шешімін таба алмай жүрген мәселе — параллелизм мәселесі. Синтаксистік параллелизм мәселесіне келгенде, таза терминологиялық ретте де, сол ұғымның мазмұнын ашуға да түсініксіз, демек, тұрақты қалыптаспаған жайттар қолденеңдей береді. Мәселен, өзінің синтаксистік синонимикаға арналған мақаласында Р.Ф.Мороз мысалдарында болсын (75, 96), сол мақаласының қорытындысында болсын (75, 97) синтаксистік параллелизм мен синтаксистік синонимді бір-бірімен ауыстыра қолдана береді. Б.Тойшыбаевтың түсінігінде сөз тіркесі мен жеке сөз де параллельдік қатынасқа түсе беретін (110, 13) тәрізді, бірақ параллельдік қатынас деп отырған ұғымның мазмұнын ашпайды. Демек, оның параллельдік қатынасты синонимдік қатынаспен тең алып отырғандығы немесе бұл екі қатынастың арасында айырмашылығы немесе екі қатынастың арасында айырмашылық бар екендігін айтқысы келіп отырғаны беймәлім.

Біздің түсінігімізде екі не одан көп сөз тіркестері немесе сөйлемдер бір-бірімен синоним болу үшін, алдымен, параллелизм болулары керек. Ал, параллелизм болмаған конструкциялардың синоним болулары мүмкін емес. Демек, синоним — параллелизмнің бір түрі. Дәлірек айтқанда, синонимдердің кез келгені параллелизм болады да, кез келген параллелизм синоним болмауы әбден мүмкін. Ендеше, параллелизмнің мазмұны кең де, синонимнің мазмұны одан тарырақ. Проф. В.П. Сухотин *Москвада тұру, Москвадан келу, Москва түбінде дем алу* сияқты сөз тіркестерінің синонимді былай қойғанда, параллелизм бола алмайтынын (104, 15-16) өте орынды атап көрсетеді. Сөйтіп, параллельдік қатынас, синонимдік қатынасқа жақын бола тұрып, одан біршама айырмашылығы барын ескеру керек. Белгілі конструкциялар синоним бе, жоқ па деген сұраққа жауап берместен бұрын олардың параллелизм болған, болмағанын білу қажет болып табылады. Егер параллелизм болғанда ғана, одан әрі синонимділіктің талабына сәйкес келетінін немесе сәйкес келмейтінін зерттеуге тура келеді. Ал алдымыздағы конструкциялар синтаксистік параллелизм болмай жатса, одан әрі синоним туралы әңгіме қозғау артық болып шығады. *Үйге келді — үйге жақын келді* конструкциялардың өзара параллельдік қатынасты екені дау тудырмаса керек: екеуі де кеңістік, оның ішінде қозғалыс шегін білдіреді, екеуінің де лексикалық құрамы бірдей, бағыныңқы сыңарлардың тұлғалық ерекшелігі бар. Ал бұлардың синонимдік қатынасқа түскен, түспегенін білу қажет болғанда, мазмұнын нақтылаудың реті бар. Айталық, бірінші сөз тіркесіндегі *үйге* сөзі мекенді жалпы тұрғыда ұғындырса, бұлар /бұл екі сөз тіркесі/ — синоним. Егер олай болмай, бірі *үйдің ішіне келді*, екіншісі *үйдің қасына келді* болса,